

**«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Бекітемін

Академиялық қызмет жөніндегі проректор

А. Жупанхан

2025 жыл



**Білім алушылардың үлгеріміне шектік бақылау жүргізу және рұқсат беру
рейтингін қою тәртібі**

1. Межелік бақылау

Межелік бақылау (МБ) – бұл студенттердің оқу жетістіктерін академиялық күнтізбеге сәйкес тексеру:

- семестрдің 7-ші және 15-ші апталарында;
- қысқартылған күндізгі оқу үшін триместрдің 5-ші және 10-шы апталарында.

Межелік бақылаулардың біреуі бойынша (МБ1 немесе МБ2) 25 баллдан кем жинаған жағдайда студент емтиханға жіберілмейді.

Мысал:

МБ1-24 балл, МБ2-80 балл → емтиханға жіберілмейді (МБ-дың бірі 25 баллдан кем).

Әрбір межелік бақылау бойынша кемінде 25 балл жинау қажет.

Сонымен қатар, емтиханға қатысу үшін МБ1 және МБ2 бойынша орташа балл кемінде 50 баллды құрауы тиіс.

$$\frac{МБ1+МБ2}{2} \geq 50$$

Мысал:

МБ1-30 балл, МБ2-90 балл → емтиханға жіберіледі (МБ-дың әрқайсысы МБ≥25, орташа балл (30+90)/2=60≥50).

МБ1-35 балл, МБ2-55 балл → емтиханға жіберілмейді, МБ-дың әрқайсысы МБ≥25 болғанымен, орташа балл (35+55)/2=45<50

Межелік бақылау түрі пән оқытушылары тарапынан анықталып, силлабусқа енгізіледі және студенттерге түсіндіріледі.

2. Ағымдағы үлгерімді бақылау

Ағымдағы бақылау (АБ) жүзеге асырылады:

- оқу сабақтарында (дәрістер, зертханалық және практикалық сабақтар);
- білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы (БАОӨЖ), магистранттың оқытушымен өзіндік жұмысы (МОӨЖ), докторанттың оқытушымен семестр/триместр бойы өзіндік жұмысы (ДОӨЖ) шеңберінде.

Барлық бағалар Platonus жүйесінің ағымдағы үлгерім журналында (АҮЖ) тіркеледі.

Сабақ түрлері бойынша бағалау орташа мән ретінде есептеледі:

$$AB1 (н/е AB2) = \frac{\text{Бағалардың қосындысы}}{\text{Бағалау саны}}$$

AB1- 1-ден 7 аптаға дейінгі кезеңді қоса алғанда (1-ден 5 аптаға дейінгі кезең триместр үшін),

AB2- 8-ден 15 аптаға дейінгі кезеңді қоса алғанда (6-ден 10 аптаға дейінгі кезең триместр үшін).

3. Жалпы ағымдағы бақылауды (АБЖ) есептеу

Формула сабақ түрлерінің болуына байланысты. Коэффициенттер 1-кестеде көрсетілген.

Барлық сабақ түрлері болса:

$AB1_{\text{жалпы}} = K_1 \times AB1(\text{дәріс}) + K_1 \times AB1(\text{практика}) + K_1 \times AB1(\text{зертхана}) + K_1 \times AB1(\text{БАОӨЖ, МОӨЖ, ДООЖ})$.

$AB2_{\text{жалпы}} = K_1 \times AB2(\text{дәріс}) + K_1 \times AB2(\text{практика}) + K_1 \times AB2(\text{зертхана}) + K_1 \times AB2(\text{БАОӨЖ, МОӨЖ, ДООЖ})$.

Зертханалық сабақтар қарастырылмаса:

$AB_{\text{жалпы}} = K_2 \times AB1(\text{дәріс}) + K_2 \times AB1(\text{практика}) + K_2 \times AB1(\text{БАОӨЖ, МОӨЖ, ДООЖ})$

$AB_{\text{жалпы}} = K_2 \times AB2(\text{дәріс}) + K_2 \times AB2(\text{практика}) + K_2 \times AB2(\text{БАОӨЖ, МОӨЖ, ДООЖ})$

Практикалық сабақтар қарастырылмаса:

$AB_{\text{жалпы}} = K_3 \times AB1(\text{дәріс}) + K_3 \times AB1(\text{зертхана}) + K_3 \times AB1(\text{БАОӨЖ, МОӨЖ, ДООЖ})$

$AB_{\text{жалпы}} = K_3 \times AB2(\text{дәріс}) + K_3 \times AB2(\text{зертхана}) + K_3 \times AB2(\text{БАОӨЖ, МОӨЖ, ДООЖ})$

Дәріс пен зертханалық сабақтар қарастырылмаса:

$AB_{\text{жалпы}} = K_4 \times AB1(\text{практика}) + K_4 \times AB1(\text{БАОӨЖ, МОӨЖ, ДООЖ})$

$AB_{\text{жалпы}} = K_4 \times AB2(\text{практика}) + K_4 \times AB2(\text{БАОӨЖ, МОӨЖ, ДООЖ})$

Практикалық пен зертханалық сабақтар қарастырылмаса:

$AB_{\text{жалпы}} = K_5 \times AB1(\text{дәріс}) + K_5 \times AB1(\text{БАОӨЖ, МОӨЖ, ДООЖ})$

$AB_{\text{жалпы}} = K_5 \times AB2(\text{дәріс}) + K_5 \times AB2(\text{БАОӨЖ, МОӨЖ, ДООЖ})$

Кесте 1. Өлшем коэффициенттері (К)

Сабақ түрі	Өлшем коэффициенттері				
	K_1	K_2	K_3	K_4	K_5

Дәріс	0,2	0,3	0,3	жоқ	0,5
Практика	0,3	0,5	жоқ	0,9	жоқ
Зертханалық сабақ	0,3	жоқ	0,5	жоқ	жоқ
БАОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ	0,2	0,2	0,2	0,1	0,5

**Ескерту: сабақ түрі жоқ болса, оның коэффициенті 0 деп есептеледі.*

4. Бағалар және мерзімдер

Ағымдағы аптаға берілген бағалар келесі аптаның **сәрсенбісі сағат 23:59-ға дейін қойылуы тиіс.**

Егер мерзімінде баға қойылмаса, жүйе автоматты түрде «0» бағасын белгілейді.

5. Баға саны

Дәрістер: 4 баға (соның ішінде МБ1 және МБ2).

БАОӨЖ, МОӨЖ, ДОӨЖ: әр семестрде немесе триместрге 2 баға.

Практика және зертханалар: әр сабақ түрі бойынша семестрде кемінде 10, триместрде 7 баға.

6. Сабаққа қатысуы

- **«ҚН» (қарастырылмаған)** – оқу жылының алғашқы екі аптасында барлық сабақ түрлері бойынша міндетті түрде қойылады, бағалау жоспарланбаған апталарда да қолданылады.

- **«ҚП» (қатыспау)** – қатысу QR-код арқылы немесе оқытушы тарапынан АҮЖ-ға енгізіледі.

Ағымдағы үлгерім журналын ашу:

- дәлелді себептермен өткізіп алған сабақтарды өтеу;
 - орындалмаған тапсырмалар үшін баллдарды қосымша есептеу.
- Орындалу мерзімі-келесі аптаның сәрсенбісіне дейін.

Ағымдағы бақылау есептеу кезінде «ҚП» бағасы «0»-ге теңестіріледі.

7. Дәлелді себептермен сабаққа келмеуі

Сабақта болмаған күнді өтеу, сабақта болмауының дәлелді себебін растайтын медициналық анықтама келесідей жағдайларда болғанда ғана есепке алынады:

- стационарлық емдеуден өту (күндізгі стационарды қоса алғанда);
- жұқпалы ауруларды стационарда емдеу;

Анықтама берінген күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша жіберілген сабақтар міндетті түрде өтеледі.

8. Емтиханға өту шарттары

Студент емтиханға өту үшін барлық сабақ түрлерін толық аяқтауы тиіс.

Емтиханға өту шарттары:

1. МБ1≥25, МБ2≥25;

$$2. \frac{(МБ1 + МБ2)}{2} \geq 50$$

3. **Өту рейтингінің (ӨР)** бағасы кемінде 50 балл болуы қажет.

$$\frac{(АБ1 + АБ2)}{2} \geq 50$$

мұндағы АБ1 және АБ2 – ағымдағы бақылау МБ1, МБ2, АБ1жалпы, АБ2жалпы коэффициенттері арқылы келесі формулада есептеледі:

$$АБ1 (н/е АБ2) = 0,7 \times АБ1жалпы (н/е АБ2жалпы) + 0,3 \times МБ(н/е МБ2)$$

Platonus жүйесінде өту рейтингі ӨР және ағымдағы рейтинг АБ1, АБ2 автоматты түрде есептеледі.

Оқытушы студенттің сабаққа 100% қатысу, барлық оқу тапсырмаларын уақытында орындау (0 балл — тапсырманың орындалмағанын білдіреді) және әр межелік бақылау түрі (МБ1 және МБ2) бойынша кемінде 50 балл жинау шарттары сақталған жағдайда, емтихан бағасының орнына ағымдағы рұқсат рейтингін (автомат) қоюға құқылы.

9. Қорытынды бақылау (Емтихан)

9.1. Студенттердің құқықтары:

- <FX> бағасын алған жағдайда студент пән/модуль бойынша емтиханды бір рет қайта тапсыруға құқылы, оқу бағдарламасын қайталаусыз.

- <F> бағасын алған жағдайда студент пән/модульге қайта тіркеліп, барлық сабақтарға қатысып, тапсырмаларды орындап, емтиханды қайта тапсырады.

- Емтихан бағасына 24 сағат ішінде апелляцияға беруге болады. Осы мерзімнен кешіктірілген немесе нақты себепсіз апелляциялар қарастырылмайды.

9.2. Емтихан бағасын оқытушы рұқсат рейтингіне сәйкес «автомат» түрінде қоя алады. Студент қанағаттанбаған жағдайда емтиханды қалыптасқан тәртіппен тапсыруға құқылы. Оқытушы студенттің 100% қатысуы, тапсырмаларды уақытында орындауы және әр межелік бақылаудан (МБ1, МБ2) кемінде 50 балл алу шарттарын орындаған жағдайда өту рейтингін автоматты түрде қоюға құқылы.

10. **Қорытынды оқу жетістігі (ҚОЖ)** өту рейтингі (ӨР) 60% және емтихан бағасының (ЕБ) 40% құрайды.

ҚОЖ есептеу формуласы:

$$ҚОЖ = 0.6 \times \text{ӨР} + 0.4 \times \text{ЕБ}$$

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі:

Білім алушылардың оқу жетістіктерін дәстүрлі бағалау шкаласында аудару баллдық арқылы бағалауға арналған баллдық-рейтингтік әріптік жүйе

Әріптік баға	Сандық балдық эквивалент	Балл (%) мөлшері	Дәстүрлі баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Орындаған:

Бас маман



Л.Ж.Жұматаева